

Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларды нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 7-1/247 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 сәуірде № 10782 тіркелді

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 20-бабының 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларды нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы министрі

Қазақстан Республикасының
А. Мамытбеков

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
Б. Сұлтанов

2015 жылғы 26 наурыз

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің

Ветеринариялық бақылау бекеттеріндегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторларды нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормалары

Нысанды киім (погонсыз) бұйымдарының атауы	Өлшем бірлігі	Бір адамға арналған бұйымдардың саны	Кию мерзімі (жыл)
1	2	3	4
Ерлер жиынтығы			
Парадтық фуражка	дана	1	5
Күнделікті фуражка	дана	1	2
Берет	дана	1	2
Қой терісінен жасалған қысқы құлақшын	дана	1	5
Пальто	дана	1	4
Плащ	дана	1	3
Шалбары бар парадтық китель	жиынтық	1	3
Шалбары бар күнделікті китель	жиынтық	1	2
Күрте шалбарымен	жиынтық	1	2
Жеңі ұзын немесе жеңі қысқа ақ түсті жейде	дана	2	1
Жеңі ұзын немесе жеңі қысқа көгілдір түсті жейде	дана	4	1
Галстук	дана	2	1
Шарф	дана	2	5
Туфли	жұп	1	1
Жылы етік (қысқа қонышты етік)	жұп	1	2
Кокарда	дана	3	мерзімі жоқ
Жеңге тігілетін белгі	дана	4	3
Шеврон	дана	4	3
Нөмірлік төсбелгі	дана	2	10
Галстукке арналған қысқыш	дана	1	мерзімі жоқ
Былғары белбеу	дана	1	2
Әйелдер жиынтығы			
Парадтық фетр таблетка-қалпақ	дана	1	5
Күнделікті фетр таблетка-қалпақ	дана	1	2
Берет	дана	1	2
Қой терісінен жасалған қысқы құлақшын	дана	1	5
Пальто	дана	1	4
Плащ	дана	1	3
Юбкасы бар парадты китель	жиынтық	1	3
Юбкасы бар күнделікті китель	жиынтық	1	2

Күрте юбкасымен	жиынтық	1	2
Жеңі ұзын немесе жеңі қысқа ақ түсті блузка	дана	2	1
Жеңі ұзын немесе жеңі қысқа көгілдір түсті блузка	дана	4	1
Галстук	дана	2	1
Шарф	дана	1	5
Туфли	дана	1	1
Жылы етік	дана	1	2
Кокарда	дана	3	мерзімі жоқ
Жеңге тігілетін белгі	дана	4	3
Шеврон	дана	4	3
Нөмірлік төс белгі	дана	2	10
Галстукке арналған қысқыш	дана	1	мерзімі жоқ
Былғары белбеу	дана	1	2
Арнайы киім			
Қой терісінен жасалған қысқа тон	дана	1	5
Унты	жұп	1	3
Резеңке етік	пара	1	2
Әйелдердің қысқа қонышты хром етігі	жұп	1	2
Статикалық салмақтан және шаршағыштықтан қорғайтын бәтеңке	жұп	1	2
Халат	дана	2	0,5